

Мем.лиц.: 12019073 14.11.2012 ж. КР Білім жөне ғылым министрлігінен берілген.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



БІЛІМНІң САЛТАНАТ ҚҰРУЫ

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында тұтас қоғамның жөне әрбір қазақстандықтың санаасын жаңғырудың келесі бағыттарын ұсынды: бөсекеге қабілеттілік, прагматизм, үлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Елдің ертеңгі іргесі берік болуы үшін бүтінгі жастардың сапалы білім алып, білікті мамандар қатарын толықтыруы қажет. Тек жоғары білімді жөне рухани бай халық қана сыртқы өсерлерді дұрыс қабылдан, оған жауап берे алады. «Білекті бірді жығады, білімді мынды жығады», «Білім-инемен құдық қазғандай» сынды мақалмөтелдер қазақ халқының білімнің құндылығын өбден түсініп, үрпақтарына өрдайым үтіг наисихаттап отырғаны айқын бейнелдейді.

Елбасы өлемдегі бөсекеге қабілетті 30 елдің қатарына Республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы рухани жаңғырударғы үлттық сана-сезімді дамытудың екі бағытын атады. Оның бірі – үлттық код. Екіншісі – алға басу үшін үлттың дамуына кедергі болатын өткеннің көртартпа тұстарынан бастау. Мұндагы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабактастыра білу.

Рухани жаңғырудар қойылып отырган маңызды мәселелерінің бірі – «сананың ашықтығы». Жаһандану кезеңіндегі ел халқына жүктелетін негізгі талап – өлемдік гілдерді мемгеруге үмтүлу болмақ. Қазіргі уақытта бірнеше тілді мемгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық... Демек, Елбасы баса назар аударған «сананың ашықтығы» – өркениетке даңғыл жол салған негізгі бағдар болмақ. «Білімді, көзі ашық, кекірегі ояу болуга үмтүлу – біздің қанымызда бар қасиет. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуга тиіс. Біз бүтінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дөүрге аяқ бастық. Бұл жағдайда көсібін негүрлым қиналмай, женіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы – білім екенін әркім терен түсіну керек. Жастарымыз басымдық, беретін межелердің қатарында білім өрдайым бірінші орында түруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бірінен биік қоятын үлт қана табысқа жетеді» – деп елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Бола-

шаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауда айтып еткен.

Елбасымыздың алға қойған міндетті орында мақсатында «Ақпараттық жүйелер жөне модельдеу» кафедрасының үжымы да өз улесін қосуда. Қазіргі кездегі ең сұранысқа ие мамандықтардың рейтингінде жетекші орында IT мамандары тұр. IT маманы-ақпа-

раттық технологиялар саласында жұмыс істейтін көптеген мамандықтардың өкілдерін біріктіріп кен үгым. «Ақпараттық жүйелер жөне модельдеу» кафедрасы мынадай білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды:

«6В061 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» оқыту бағытының коды жөне атауы бойынша «B057-Ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламаларының тобына кіретін: 6В06120 - «Ақпараттық жүйелер» жөне 6В06140 - «Математикалық жөне компьютерлік модельдеу» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр, М094- Ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламаларының тобына кіретін :7М06120 - «Ақпараттық жүйелер» жөне 7М06140 - «Математикалық жөне компьютерлік модельдеу» бағдарламасы бойынша магистрлар дайындаиды.

Бүтінгі таңда «Ақпараттық жүйелер» мамандығы кез-келген саладағы компаниялар мен үйімдарда қолданылатын ақпараттық технологиялар, ақпараттық жүйелердің көрінісін пайдалану туралы білім беретін ең танымал мамандықтардың бірі болып табылады. Ақпараттық жүйелер жөніндегі занды маман ақпараттық жүйелерді өзірлейтін IT-компанияның қызметкері болып табылады.

Математикалық жөне компьютерлік модельдеу. Бұл бағдарлама практикалық мәселелерді талдау саласында математикалық жөне компьютерлік модельдеу саласында дамығысы көлөтіндерге арналған. Болашақтың технологиялары – жасанды интеллект технологиялары жөне есептеу машиналары арқылы зияткерлік қызметті модельдеу туралы құнды білімі бар мамандарды даярлау. Студенттердің алған білімдері оларды IT-қызметтердің халықаралық нарында тиімді ажыратады.

Біздің мақсатымыз- алдыңғы қатарлы инновациялық технология талаптарына сәйкес келешек маманға қажетті көсіптік жөне жеке қасиеттерін, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру жөне дамыту негізінде ақпараттық жөне телекоммуникациялық технологиялар саласындағы білікті, бөсекеге қабілетті мамандарды кешенді жөне сапалы дайындауды қамтамасыз ету.

**Айсауле УСЕНОВА,
Манат АМИРОВ,**
М.Әuezov атындағы ОҚУ-нің
«Ақпараттық жүйелер жөне
модельдеу» және «Ақпараттық
коммуникациялық тех-
нологиялар» кафедраларының
аға оқытушылары.